

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ (2021 жылдың екінші жартысы)

Зерттеу нысаны. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері.

Зерттеу мақсаты. Жобаның мақсаты - Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктерін анықтау. Жоба мақсатына сай 2021 жылдың күнтізбелік жоспарында бекітілген аралық кезең үшін мына мәселелерді зерттеу көзделген: •Абай ілімінің басты категорияларын, олардың мазмұнын, өзара байланыстарын жүйелеу; •қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастың барлық салалары мен деңгейлері үшін Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздерін зерттеу; •Абай ілімінің өлшеу құралын сараптау, оның құрылымын анықтау, ғылыми сипаттамасын жасау.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы талдау, пәнаралық зерттеу, жүйелі зерттеу, кешенді зерттеу әдістері мен қағидалары қолданылды.

Қол жеткен нәтижелер және олардың жаңалығы. Ғылыми талдама. Әдіс. Қол жеткен нәтижелер ғылыми талдама, талдау әдісі түрінде жинақталды, ақпараттық база негізі жасалды. Зерттеу нәтижесі ретінде негізделген талдаманың, әдістің мәнісі оның ғылыми талдау жүйесінде қолданылу ерекшеліктеріне байланысты ашылады. Оның басты деген қырлары зерттеушілердің белгілі құбылыстарды талдау, бағалау және ой қорыту логикасының жүйесі арқылы анықталады. Ой қорыту, тұжырым жасау барысында негізделген ғылыми қағидалар зерттеу нәтижелерін теориялық жинақтаудың сатылы кезеңдерінің мәнін танытады және теориялық ойлаудың, теориялық ой қорытудың жаңа деңгейін сипаттайды. Қол жеткен нәтижелердің басты жаңалығы теориялық сипатында. Зерттеудің маңызды және бұған дейін баламасы болмаған нәтижелерінің бірі - қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастың барлық салалары мен деңгейлері үшін Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-ақпараттық және интеллектуалдық базасының әдістемелік негізінің жасалуы және Абайдың КІСІЛІК КОДЕКСІ әрбір оқушының, әрбір ата-ананың, әрбір мұғалімнің, әрбір саналы азаматтың көзінің алдында тұруға лайықты бірнеше форматта ұсынуға дайындалғаны.

Өндіріске енгізілу деңгейі. Зерттеу нәтижелері отандық басылымдарда мақала, монография, оқу құралдары, жинақ, интеллектуалдық ресурстар базасы түрінде білім беру ісінде, ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалануға ұсынылады. «Абай ілімі» оқу пәні дайындалып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоғары білім беретін оқу бағдарламаларының жалпы білім беретін оқу пәндерінің тобында оқу процесіне енгізілді. «Абайтану антологиясы» атты интеллектуалдық е-ресурстар базасы ашылды. «Абайтану антологиясы»

интеллектуалдық е-ресурстар базасы көпшілікке қолжетімді тәртіпте университет кітапханасына орналастырылды:

<http://elibrary.kaznu.kz/kk/node/7912>

Зерттеу нәтижелері онлайн ғылыми конференцияларда талқыланды, БҒСҚК ұсынған отандық ғылыми басылымдарда жариялауға қабылданды, қорғау құжаттары алынды, оқу құралының тарауы, тұжырымдама, мақалалар жинағы түрінде жарық көрді, оқу құралдары, монографиялық тараулар түрінде дайындалды, Абай ілімінің құрылымдық-концептуалдық, логикалық-құрылымдық модельдері, Абайдың кісілік кодексінің үлгісі жасалды.

Атап өтетін нәтижелердің бір саласы – Абайдың білім алушы жастарға, жас ғалымдар мен мамандарға, ата-аналарға арналған таңдамалы шығармаларынан тұратын екі томдық оқу кітабы мен он томдық «Абайтану антологиясы». Аталған кітаптар Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми-ақпараттық ресурстар базасының негізін құрайды.

Зерттеу нәтижелерінің қолданылу аясы - білім және ғылым саласы. Зерттеу нәтижелері тисті ғылым саласында өндірілген инновациялық білім ретінде қабылдауға лайықты. Зерттеу материалдарын Абайдың шығармашылық мұрасы саласында орындалатын ғылыми-зерттеулерде, білім беру ісінде, оқулықтар мен оқу құралдарын жазу барысында пайдалануға болады.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен тетіктерін жоба мақсатына сай 2021 жылдың күнтізбелік жоспарында бекітілген мәселелер шеңберінде шешу қоғамдық-гуманитарлық білім саласында әлеуметтік маңызы зор, тиімді нәтижелерге қол жеткізеді. Зерттеу нәтижелері қоғамдық сананың кемелденуіне, қоғамның интеллектуалдық әлеуетінің дамуына, елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына қызмет етеді.